



Нұр-Сұлтан қаласы

2021 жылғы 20-22 қыркүйек

Баспасөз хабарламасы

ҚР БҒМ Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тапсырмасы бойынша «Бояулар құпиясы» республикалық жас суретшілер байқауын 2021 жылғы 20-21 қыркүйекте қашықтық форматында өткізді.

Байқаудың мақсаты оқушылардың көркем-эстетикалық талғамын қалыптастыру, тұлғаның үйлесімді дамуына, өзін-өзі көрсетуге, әлемді эстетикалық және бейнелі түрде түсінудің бірегей қабілеттерін қалыптастыру және дамыту болды.

Байқауға облыстық, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалары кезеңдерінің 136 жеңімпаздары шақырылды.

Байқауға қатысу балаларға өз ой-өрісін кеңейтуге, қиял мен даралықты көрсетуге, сондай-ақ көркем өнер саласындағы өз жетістіктерін көрсетуге мүмкіндік берді.

Байқауға ұсынылған жұмыстардан «Классикалық кескіндеме», «Авангард және эксперименталды кескіндеме», «Менің Отаным – Қазақстан» номинациялары бойынша жас суретшілер жұмыстарының интернет-көрмесі ұйымдастырылады.

Сондай-ақ, қатысушылар «Коллаж», «Бояулар құпиясы», «Сүйікті кітаптың иллюстрациясы» номинациялары бойынша Жас суретшілер байқауына қатысып, өз өнерлерін көрсетті.

Байқау, кең көлемді өнер іс-шарасы ретінде көптеген балаларды Байқауға ұсынылған ең үздік жұмыстармен таныстырды. Байқау көркем мәдениетке және тарихи мұраға қызығушылықты арттырды, балалардың Қазақстанның қазіргі заманғы өнеріндегі халықтық дәстүрлерді сақтау және дамыту үшін шығармашылық мүмкіндіктерін ашты.

*Пресс-служба Министерства образования и науки Республики Казахстан
010000, г. Нур-Султан, ул. Орынбор 8, 11 подъезд, тел.: +7 (7172) 74-24-14*

E-mail: pressa@edu.gov.kz

Байқаудың нәтижесі бойынша барлық қатысушыларға сертификаттар, жеңімпаздарға дипломдар мен бағалы сыйлықтар, жеңімпаздардың жетекшілеріне алғыс хаттар табысталды. Сондай-ақ «Коллаж», «Бояулар құпиясы», «Сүйікті кітабыңыздың иллюстрациясы» номинациялары бойынша үздік байқау жұмыстары анықталды.

Қосымша ақпарат алу үшін келесі телефондарға хабарласуға болады: + 7 (7172) 64 27 19; 64 27 32.